



«БІЗДІҢ БАСТЫ ҚАРУЫМЫЗ – ЗАҢ»

– Тимур Қалдауұлы, жеке сот орындаушылар жұмысы халық көңілінен шығып отыр ма? Бұл институтты әрі қарай жандандыру үшін не керек?

– Кез келген елдегі әділдіктің, заңдылықтың кепілі – сот. Зайырлы мемлекетте азаматтар өзінің бұзылған құқығы мен бостандығын сот арқылы қорғайды. Алайда, сот актілерінің дер кезінде орындалмауы сотқа ғана емес, жалпы мемлекеттегі әділдікке деген сенімге селкеу түсіреді. Міне, осы атқарушылық өндірісті жандандыру, сот актілерінің дер кезінде, сапалы орындалуын қамтамасыз ету үшін жеке сот орындаушылар институты тәжірибеге енгізілгені белгілі. Бүгінде республикамыздың әр өңірінде жеке сот орындаушылар жемісті еңбек етіп жүр. Әрі сот актілерін орындауда, берешекті өндіруде жеке сот орындаушылардың әлеуеті жоғары. Әріптестеріміздің жетістіктері де ауыз толтырып айтарлықтай. 2015 жылдан бері жұмысын бір жүйеге түсірген жеке сот орындаушылар институты өзіне жүктелген үдеден шыға білді.

– Алматы облысының жеке сот орындаушылары өткен жылды қандай нәтижемен аяқтады?

– Құқықтық мемлекетте даудың сот алаңында шешілуі қалыпты үрдіс. Ел азаматтарының өз құқығын білектің күшімен емес, заңмен реттеуі өркениеттің бір өлшемі болса керек. Алайда, сот шешімдерінің көптігі жеке сот орындаушылардың жүктемесін күн өткен сайын көбейтуде. Мысалы, Алматы облысының жеке сот орындаушыларының өндірісіне 20445 атқарушылық құжат түскен екен. Соның ішінде былтыр 5179 атқарушылық құжаты толық орындалып, бір жарым миллиардқа жуық теңге өндірілді.

Жалпы жеке сот орындаушылар жұмысы оңай емес. Біздің жұмысымыздағы ең басты мәселе – азаматтар жауаптылығының төмендігімен байланысты. Сот актілерін орындамау арқылы мұндай азаматтар сотты, мемлекетті сыйламайтынын көрсетеді. Сонымен бірге, жауаптылықтан жалтару үшін мекенжайын, табысын жасырып, түрлі құйтырқылыққа баратын азаматтардың да құқықтық сауаты төмен.

(Жалғасы 5-бетте)

(Жалғасы 6-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА БІЛІМ ДЕНГЕЙІНДЕГІ АЛШАҚТЫҚТЫ ЖОЯ МА?



Сапалы білім беруге бағытталған «Білімді ұлт» ұлттық жобасының екінші міндеті – орта білімнің сапасын арттыру. Атап айтқанда, өңірлер, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту сапасының алшақтығын азайтуға (PISA) негізделген.

ТУРИЗМ

ҚЫТАЙЛЫҚ ТУРИСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ

Қытайдағы саяхатты жоспарлауға арналған кешенді қызметтерді ұсынатын ең ірі онлайн-туристік агенттіктердің бірі саналатын Tongcheng Travel Қазақстанды ең тартымды ел деп жариялады. 230 миллионнан астам қолданушысы бар бұл агенттіктің деректеріне сүйенсек, 2024 жылы қытайлық туристер арасында Қазақстанға саяхаттауға деген сұраныс алдыңғы жылдармен салыстырғанда 300 пайызға өскен. Tongcheng Travel бұл үрдіс 2025 жылы да жалғасады деп болжайды.

– 2024 жылғы Қытайдағы Қазақстан туризмнің жылы нәтижесінде қытайлық саяхатшылардың қатары екі еседей артқанын және Қазақстанға саяхаттауға деген сұраныстың айтарлықтай өскенін байқадық. Біз бұл үрдісті қолдап, көршілес елдің жетекші онлайн-платформаларымен ынтымақтастықты кеңейтуді көздеп отырмыз, – дейді «Kazakh Tourism»

ұлттық компаниясы» АҚ-ның Басқарма төрағасы Қайрат Сәдуақасов.

Оның айтуынша, былтыр Қытайдан келген туристер легі 78 пайызға ұлғайып, 655 мың адамды құрады. Бұл олардың еліміздің табиғи ландшафттарына, тарихи ескерткіштеріне және мәдени мұраларына деген ерекше қызығушылығын көрсетеді. Мәселен, Қытай-

дың жетекші басылымдарының бірі «Sanlian Lifeweek Magazine» журналистері Қазақстанның ұлттық тағамдарына арналған арнайы шығарылым дайындауда. Олар Астана, Алматы мен Шымкент қалаларында болып, жергілікті қонақжайлылықпен және асханадағы ерекшеліктермен танысты. Онда олар ұлттық мейрамханалар мен шығыс базарларын аралап, интерьерді, атмосфераны, қызмет көрсету деңгейін және тағамдарды бағалауға ерекше назар аударды.

«Маған бешбармақ, қымыз және тары қосылған, сүт қатқан шай қатты ұнайды. Қазақстанға келудің бірнеше себебі болды. Біріншіден, арнайы шығарылымның тақырыбы – Қытай үшін визасыз елдердің асха-

насы. Екіншіден, Қазақстан – біздің достық қарым-қатынастағы көршіміз. Бірақ біз бұл елдің асханасымен толық таныс емеспіз. Қазақстанның дәстүрлері тартымды және біз шынымен қонаққа келуге тырыстық», – деп бөлісті өз әсерін «Sanlian Lifeweek Magazine» журналының тілшісі Ливей Ву.

Жалпы, 2025 жылы шетелдік саяхатшылар арасында Қазақстанға деген қызығушылық тек қытайлықтар арасында ғана жоғары болмайтын сияқты. Бұған дейін британдық Lonely Planet басылымы да Қазақстанды 2025 жылы саяхаттауға арналған 25 бағыттың қатарына қосқан болатын. Ал CNN Travel Алматы қаласын биыл саяхаттауға тұрарлық ең үздік орындар тізіміне енгізді.

Kazakh Tourism компаниясы «eQonaq» жүйесіне тіркелген орналастыру орындары бойынша мәліметтерді талдап, шетелдік туристер арасында танымал қазақстандық өңірлерді анықтаған болатын. Талдау қорытындысы бойынша Алматы шетелдік туристер үшін ең танымал қазақстандық қала мәртебесін сақтады. 2024 жылы мұндағы орналастыру орындары 534 340 шетелдік қонақты қабылдаған.

(Жалғасы 6-бетте)

4-бет



**Өмірін
өнерімен
өрнектеген
заңгер**

5-бет

Әлғожа КӨПІРӘЛІ,
Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының
Райымбек ауданы бойынша
наиб имамы:

**«Дін –
қоғамды
біріктіретін
күш»**



8-бет

**Өз тілін
білмейтініне
намыстанбайтын
ұрпақтан
үміт аз**



САРАП

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ – ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫ

Кассациялық сот отандық сот төрелігі жүйесінде шешуші рөл атқарады. Бұл сотқа кассациялық іс жүргізу тәртібімен заңды күшіне енген сот шешімдері мен актілерін қайта қарау жүктелген. Кассациялық соттың негізгі міндеті – төмен тұрған соттардың жіберген қателіктерін түзету және елдің барлық аумағында заңдардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету.

Кассациялық соттың негізгі функциясы заңды күшіне енген сот актілерін қайта қараумен байланысты. Апелляциялық тәртіптен айырмашылығы, кассациялық іс жүргізу іс бойынша жаңа фактілерді анықтауға емес, сот шешімдерінің заңдылығы мен дұрыстығын тексеруге бағытталатынын ескергеніміз жөн. Сәйкесінше кассациялық сот құқық нормаларының дұрыс қолданылғанын, төменгі сатыдағы соттың қорытындылары іс материалдары мен белгіленген фактілерге сәйкес келетіндігін жан-жақты тексереді.

Сот төрелігінде біркелкі тәжірибенің орнығуын қамтамасыз ету де кассациялық сотқа жүктелген міндеттің бірі. Осы міндетті мінсіз орындау үшін кассациялық сотта еліміздің барлық аумағында заңдарды біркелкі түсіндіру, сонымен қатар біркелкі қолдануды қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыстар атқарылады. Мұндай үрдіс сот жүйесінің әділдігін нығайтуға, сот шешімдерінің болжамды нәтижесін білуге мүмкіндік береді. Егер сот шешімдері қолданыстағы заңнамаға неме-

се сот практикасына қайшы келсе, кассациялық сот актілердің күшін жою, өзгерту құзыретіне ие.

Ең бастысы, биыл шілде айынан бастап жұмысына кірісетін үш дербес кассациялық сот азаматтар мен ұйымдарды құқықтық қорғаудағы пәрменді тетік саналады. Себебі осы кассациялық сотқа жүгіну арқылы азаматтар мен заңды тұлғалар әділетсіз, заңсыз деп есептелген сот актілерін қайта қарауға соңғы мүмкіндік алады. Ал бүгінге дейін қолданыста оған «таңдап қарау кассациясы» шағымдарды таңдап қарағандықтан, азаматтардың орынды өкпе-ренішін тудырған еді. Жаңа өзгерістерге сай биыл «жаппай қарау кассациясы» тәжірибеге енгізіліп, соның нәтижесінде Ата Заңда кепілдік берілген азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы қорғауға жол ашылады.

Кассациялық соттар төменгі саты соттар шығарған шешімдердің заңдылығын бақылауда да үлкен әлеуетке ие. Аудандық немесе облыстық соттар деңгейінде жіберілген сот қателіктері кассацияда түзетілуі

мүмкін. Осы процесс барысында кассациялық сот төменгі саты шешімдерінде іс жүргізу нормаларының сақталғанына, заңдардың дұрыс қолданылғанына баға беріп отырып, барлық дәлелдердің объективті түрде қаралғанын қамтамасыз етеді.

Бүгінде кассациялық соттардың қызметі, маңызы мен мақсатын таныстырып, түсіндіру үшін түрлі насихат жұмыстары, жиындар мен басқосулар ұйымдастырылуда. Сонымен бірге, азаматтар тарапынан қойылуы мүмкін сауалдарға заңдық тұрғыдан жауап беріледі. Мәселен, азаматтар кассациялық шағым апелляциялық сатыдағы соттың шешімі күшіне енгеннен кейін берілетінін білуі керек. Бұл тараптар жүгіне алатын еліміздің сот жүйесіндегі соңғы инстанция. Кассациялық сот шағымды істегі дәлелдер негізінде қарайды, бұрын қабылданған шешімдердің заңдылығы мен негізділігін тексереді.

Азаматтар сот саласындағы жаңа бастамадан үлкен үміт күтіп отыр. Көпшілік қалауына орай енгізілген бұл өзгеріс ел игілігіне жарарына сенім мол.

Майкүл МАМУТОВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотының судьясы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

2 ұжымдық пайдалану зертхана табысты жұмыс істеуде. Білім ордасында еліміздің көрнекті ғалымдары мен тәжірибелі мамандардың дәріс оқып, жол көрсетіп келе жатқаны белгілі. Содан болар, 2024 жылы республика бойынша «Үздік оқытушы» атағын алған 150 адамның 24%-ы ҚазҰУ өкілдері екенін мақтанышпен

айтуға болады. Қара шаңырақ халықаралық рейтингтерде жоғары көрсеткіштерге жетіп, әлемнің үздік университеттеріне бәсекелес бола алатынын айғақтады. Бұл қолданыстағы инфрақұрылымды нығайтуға және жаңартуға ғана емес, сонымен қатар ғылыми жетістіктерге, жаңа жоғары технологиялық өнімдерді, сондай-ақ білім беру бағдарламаларымен академиялық жетістіктерді енгізуде тамырлас. Әлемдік үдерістен кеш қалмаған білім ордасы жаңа ғылыми жобалардың орталығы екенін де мойындауымыз керек.

Сонымен бірге, Президенттің тапсырмасына сай ҚазҰУ қалашығын дамытудың екінші кезеңі басталғанын да айта кеткеніміз жөн. Осы жобаға орай алдағы уақытта жаңа жатақханалар, оқу ғимараттары, инновациялық орталық салынады деп күтілуде. Бұл ҚазҰУ-дың беделін арттырып қана қоймай, «Алматының бренді, бүкіл дәуірдің символы» екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі
заң ғылымдарының докторы,
профессор

ТҮЙТКІЛ

Алаяқтық – бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау, сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену. Қазіргі таңда ғаламтор арқылы жасалатын алаяқтық ең көп тараған қылмыс түрінің бірі болып отыр. Көп жағдайда алаяқтар адамдарды тауар сатып аларда, еңбекке орналастыру, несиелік қарыз алу, пәтер жалдау, бағалы сыйлықтар ойнату секілді сылтаулармен алдап жатады.

АЛАЯҚТАН АБАЙ БОЛ!



Алаяқтардың құрбаны болмау үшін кез келген ақпараттың анық-қанығына көз жеткізбей, ешқандай әрекетке бармау керек. Достарыңыздан әлеуметтік желі арқылы алған хабарламалардың өзіне сенбеген жөн. Себебі аккаунттар бұзылған болуы да ықтимал. Жеке мәліметтерді ешкіммен бөліспей, сақтау керек. Егер де күмәнді ресурстарда сізден мәліметтерді енгізуді сұраса, келіспеніз. Себебі тәжірибелі алаяқтар аз ғана ақпараттың өзін көздеріне пайдаланып кетуі мүмкін. Таныс емес нөмірлерден келген хабарламаларға назар аудармаңыз. Кез келген мессенджерлерден келген сілтемелерді жөн-жосықсыз аша беру де дұрыс емес.

Қылмыстық кодекстің 190-бабында алаяқтық бойынша жаза мөлшері көрсетілген. Жоғарыда көрсетілген кодекстің 190-бабының 1-бөлігіне сай, айыптының мүлкі тәркіленіп, мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қосымша бас бостандығынан айыруға жазаланады. Екінші бөлікке сай қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қосымша жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Үшінші және төртінші бөліктерге сай, сотталушының мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға, ал 2) тармақта көзделген жағдайларда, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жымқырылған мүлктің он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып немесе бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ғаламтордағы алаяқтық туралы бүгінде мамандар көптеп жазып та, айтып та жүр. Технологялардың дамуымен Қазақстанда интернет алаяқтық күрделенді. Соңғы уақытта дропперлердің қатысуымен жасалатын схемалар жиілеп барады. Дропперлер бұл ұрланған ақшаны қолма-қол жасауға немесе аударуға көмектесетін адамдар. Олар кейде бұл рөлді біле тұра орындайды, бірақ көп жағдайда заңсыз схеманың бөлігі екендігін түсінбейді.

Алаяқтардың тұзағына түсетін көбінесе егде жастағы адамдар. Санын соғып қалушылар қатары әлі де азаймай отыр. Сол себепті тұрғындарға әр нәрсеге де мұқият қарауды ескертеміз.

М.БАҚТЫҒҰЛОВ,
Жаңақала аудандық сотының төрағасы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚАРА ШАҢЫРАҚ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарихы тереңде. 1934 жылы жоғары білім алушыларға есігін айқара ашқан қара шаңырақ 90 жыл ішінде үлкен даму, ілгерілеу белестерінен өтті. Университет осы жылдар ішінде Қазақстандағы жоғары оқу орындарының көшбасшысына айналды.

ҚазҰУ-дың беделі биік



Бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде шәкірт тәрбиелеп, маман дайындап жатқан білім ордасының бәрі жаңашылдықтың бастауын ҚазҰУ-дан алады. Ұлттық университеттің әр оқытушысы аймақтардағы ұстаздардың ұстазына, ұстасына айналғаны баямсыз шындық.

Бүгінде осы қара шаңырақтан білім алған, кәсіп меңгерген, мамандықтың қыр-сырын үйренген шәкірттеріміз Қазақстанның әр саласында өз білімінің тереңдігін көрсетіп, өз шеберлігінің мықтылығын мойындатып жүр. Біз ел беделін биіктетіп, ел еңесін тіктеуге қомақты үлесін қосып келе жатқан шәкірттерімізбен мақтанамыз. Соның ішінде Заң факультетінің де шоқтығы биік. Олай дейтініміз біздің факультет республикадағы заңгерлер дайындап

жатқан оқу орындарының орталығы іспеттес. Біздің факультетті бітіргендер осы оқу орындарында табысты еңбек етіп, қара шаңырақта алған білімдерін, жинаған тәжірибелерін шәкірт тәрбиелеуде тиімді пайдалануда. Бұған қоса, еліміздің ең мықты заңгерлері, ең танымал ғалымдары, ең білікті судьялар мен прокураторы, полиция жетекшілері біздің факультетте білім алған. Олардың қай-қайсысы болса да өмірден өз орнын тауып, білікті маман ретінде қалыптасуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ҚазҰУ-ға шексіз алғысын айтады.

ҚазҰУ бұл жетістіктермен тоқталып қалмақ емес. Қазіргі кезде университет базасында 7 ғылыми-зерттеу институты, 140 ғылыми зертхана, 34 ғылыми орталық және

айтуға болады. Қара шаңырақ халықаралық рейтингтерде жоғары көрсеткіштерге жетіп, әлемнің үздік университеттеріне бәсекелес бола алатынын айғақтады. Бұл қолданыстағы инфрақұрылымды нығайтуға және жаңартуға ғана емес, сонымен қатар ғылыми жетістіктерге, жаңа жоғары технологиялық өнімдерді, сондай-ақ білім беру бағдарламаларымен академиялық жетістіктерді енгізуде тамырлас. Әлемдік үдерістен кеш қалмаған білім ордасы жаңа ғылыми жобалардың орталығы екенін де мойындауымыз керек.

Сонымен бірге, Президенттің тапсырмасына сай ҚазҰУ қалашығын дамытудың екінші кезеңі басталғанын да айта кеткеніміз жөн. Осы жобаға орай алдағы уақытта жаңа жатақханалар, оқу ғимараттары, инновациялық орталық салынады деп күтілуде. Бұл ҚазҰУ-дың беделін арттырып қана қоймай, «Алматының бренді, бүкіл дәуірдің символы» екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі
заң ғылымдарының докторы,
профессор

ЖЕГІҚҰРТ

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ!

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады.

Бұл қылмыс қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру секілді сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әрбір сот қызметкері барлық күш-жігерін жұмсай отырып, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста әдептілік танытып, адал, әділ болуға және жалпы қабылданған адамгершілік әдеп ережелерін сақтауға тиіс. Өйткені мемлекеттік қызметші өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен сотқа келушілер тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауы керек.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық тұрғынның азаматтық борышы деп білу керек.

Б.БАИМБЕТОВ,
Мұғалжар аудандық сотының аға сот приставы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БАЗЫНА

ОҚ ЖАРАСЫ БІТЕР, СӨЗ ЖАРАСЫ БІТПЕС

«Ауыр істің салмағы білекке түсер. Ащы сөздің салмағы жүрекке түсер» дейді дана қазақ. Дәл осы сөздің парқын білмейтіндер аз емес. Тіпті осы сөздің мәнін түсінсе де, айналасындағыларды әдейі сөзбен жаралап, сөзбен түйрейдіңдер жеткілікті. Әсіресе, әлеуметтік желідегілер кейбір замандастарымыз айтылған әр сөз үшін жауаптылық барын қаперіне алмайтындай.

Мысалы Д. деген азаматша «Тик ток» әлеуметтік желісі арқылы пікір жазып, жалпы көрілімге шығарып, азаматша Т.-ның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтірген. Сот отырысында Д. өз кінәсін мойындап, пікір жазғанын растайтынын көрсетті.

Азаматша Д.-ның әрекеті полиция қызметкерлерінің баянатымен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хат-

тамамен, түсініктермен, сот психологиялық-филологиялық сараптама қорытындысымен және басқа да іс бойынша құжаттармен дәлелденді.

ӘҚБТК-нің 73-3-бабының 2-бөлігіне сай, көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын, телекоммуникациялар желілерін пайдалану отырып жала жапқан, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіріп, беделін түсіретін көрінеу жалған мәлімет таратқандарға жауаптылық белгіленеді. Сот барысында азаматша Д. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-3-бабының 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 465 192 теңге айыппұл салынды.

Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

АҚША АУДАРЫМ ЖҮЙЕСІНДЕ РЕСЕЙ КӨШ БАСТАП ТҰР

Ұлттық банк есебі бойынша, 2024 жылдың қараша айында халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (ХААЖ) арқылы 61,9 млрд теңгеге 149,3 мың ақша аударымдары жіберілген. Ақша аудару бойынша Қазақстанның банктері және «Қазпошта» АҚ өз клиенттеріне Золотая корона, Western Union, MoneyGram жүйелері мен басқа ХААЖ арқылы қызмет көрсетеді. ХААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады. 2024 жылдың қарашасында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 3,3% және жалпы сомасының 2,2% құрайды. Ал шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше ақша аударымдарының 96,7% және жалпы сомасының 97,8% құрайды.

2024 жылдың қарашасында шетелге ХААЖ арқылы 60,6 млрд теңге сомаға 144,4 мың транзакция жіберілді. 2024 жылдың қазан айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 1,8 пайызға өсіп, көлемі 6,5 пайызға азайды. Қазақстаннан шетелге жіберілген

ақша көлеміндегі үлесі бойынша алғашқы бестікте Ресей – 19,7 млрд теңге (үлесі 32,5%), Өзбекстан – 14,2 млрд теңге (үлесі – 23,4%), Түркия – 13,2 млрд теңге (үлесі – 21,8%), Грузия – 3,9 млрд теңге (үлесі – 6,5%), Қытай – 2,7 млрд теңге (үлесі – 4,4%) тұр.

Ал Қазақстанға шетелден ХААЖ арқылы 17,8 млрд теңге сомаға 54,1 мың ақша аударымдары жүргізілген. Қазан айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны 5,3 пайызға, көлемі 5,8 пайызға азайды. Шетелден алынған ақша көлемі бойынша бестікке: Ресей – 3,96 млрд теңге (үлесі – 22,2%), АҚШ – 2,8 млрд теңге (үлесі – 15,7%), Түркия – 1,9 млрд теңге (үлесі – 10,8%), Өзбекстан – 1,8 млрд теңге (үлесі-10,4%), сондай-ақ Корея – 1,5 млрд теңге (үлес 8,4%) кірді.

ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ ЕЛДЕР БОЙЫНША

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	19,61	36,3%	3 958,96	22,2%
АҚШ	7,25	13,4%	2797,99	15,7%
Түркия	4,65	8,6%	1915,97	10,8%
Өзбекстан	2,85	5,3%	1845,73	10,4%
Корея Республикасы	2,51	4,6%	1497,16	8,4%
Германия	6,95	12,8%	1390,77	7,8%
Қырғызстан	1,31	2,4%	848,97	4,8%
Грузия	0,81	1,5%	589,20	3,3%
Әзірбайжан	0,42	0,8%	368,37	2,1%
Израиль	0,73	1,4%	221,04	1,2%
Басқалар	6,99	12,9%	2376,53	13,3%
Жалпы жиынтығы	54,07	100,0%	17 810,70	100,0%

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ ЖҮЙЕЛЕРІ

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	120,76	83,6%	45 339,93	74,8%
Вестерн Юнион	15,13	10,5%	10 369,14	17,1%
UPR	2,94	2,0%	2 529,10	4,2%
MONEYGRAM	1,51	1,0%	1 930,05	3,2%
Басқа ақша аудару жүйелері	4,03	2,8%	434,41	0,7%
Жалпы жиынтығы	144,37	100,0%	60 602,63	100,0%

Егер ақша аударымдарының жүйелері бойынша көрсеткішке көз жүгіртер болсақ, валюталар бойынша ХААЖ арқылы шетелге жіберіл-

ген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (үлесі 28,4%), жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 52,4%) және қазақстандық теңгеде (57,1% және 37,9%) жүргізілді. Ал валюталар бойынша ХААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 43,5% және жалпы сомасының 62,4%) және қазақстандық теңгеде (тиісінше 24,5% және 15,4%) болды.

Шетелге жіберілген ақша аударымдарының басым бөлігі, атап айтқанда 75 пайызға жуығы Золотая корона жүйесі арқылы аударылды. Одан кейінгі орында тұрған Вестерн Юнион жүйесінің үлесі 17,1 пайызды құрайды. Үштікті түйіндеп тұрған UPR жүйесінің үлесі – 4,2%. Оны өкшелеп келе жатқан MONEYGRAM жүйесінің үлесі 3,2%.

Шетелден алынған ақша аударымының да басым бөлігі, атап айтқанда 48,8 пайызы. Золотая корона жүйесі арқылы аударылған. Әйтсе де мұнда шетелге жіберілген аударымдарға қарағанда Вестерн Юнионның (32,3%) үлесі айтарлықтай жоғары. Онда бұл жолы 17,3% пайыздық көрсеткішпен UPR жүйесінің (0,5%) басып озған MONEYGRAM үштікті үздік түйіндеп тұр.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЭКОНОМИКА

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ – ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Стандарттаудың халықаралық ұйымы (ISO), 2024 жылдың басына дейін 25 176 халықаралық стандартты жариялаған болатын. Соның бірі – ISO 20022. Ол барлық қаржылық стандарттар бастамаларында қолданылатын стандарттаудың жалпы тәсілі (әдіснама, процесс, репозиторий). ISO 20022 – саудаға, бағалы қағаздарға, төлемдерге, шетел валютасына, карталарға қолданылады және барлық резервтік валюталардың жоғары құнды төлем жүйелері үшін қаржы мекемелері, нарықтық инфрақұрылымдар мен банк клиенттері арасындағы өзара әрекеттестікті қамтамасыз ететін қаржылық хабарламалардың икемді стандарты.



Ұйымның 2 жыл бұрын жарияланған соңғы есебі бойынша, 2023 жылға қарай көп құрамды халықаралық стандарт әлемдік көлемдердің 80 пайызын және бүкіл әлем бойынша транзакциялар құнының 87 пайызын қолдайды. Ол төлемдерді өңдеу ісін автоматтандыруға, сондай-ақ есеп айырысудағы жылдамдық пен қауіпсіздікті арттыруға ықпал етеді. Оның басты ерекшелігі – төлем немесе мәміле туралы қосымша мәліметтерді беру мүмкіндігінде. Бұл сәйкестендіру процесін жеңілдетіп, қателіктерді азайтады және клиентке көрсетілетін қызмет сапасын арттырады. ISO 20022 стандарты қолданылғанда осы әдістемені пайдаланатын әртүрлі ақпараттық және төлем жүйелері арасында жаһандық үйлесімділік қамтамасыз етіледі. Осыған қарамастан ISO 20022 стандартына

көшу дүниежүзінде әркілі үлгілерде және аймақтар мен елдерде әртүрлі қарқынмен жүреді. Мәселен, батыс Еуропалық Одақ бөлшек төлемдер үшін ISO 20022 XML хабарлама стандарттарын енгізген әлемдегі бірінші аймақ болды. Бұл жеделдеудің шешуші факторы Бірыңғай Еуро төлемдер аймағын (SEPA) дамыту және 2008 және 2009 жылдары SEPA кредиттік аударымдары мен тікелей дебеттік схемаларына көшу болды. Осыған қарамастан еуроаймақтағы көші-қон әлі толық біткен жоқ. Оны енгізу барлық мемлекетке бірдей міндетті болмағандықтан ұйымға мүше 165 елдің қазірге дейін тек жартысына жуығы ғана қабылдап отыр. Олардың ішінде біздің көршілерімізден Қытай мен Әзірбайжан бар. Қазақстанда Орталық Азия мемлекеттері арасында бірінші болып, қантардың

13-інде жаңғыртылған төлем жүйелері мен банктердің ақпараттық жүйелері жаңа форматта іске қосылды.

Өткен аптада ҚР Ұлттық банкі Қазақстанның төлем жүйелері, екінші деңгейлі банктер мен төлем жүйесінің өзге де қатысушылары төлем хабарламаларының халықаралық ISO 20022 стандартына сәтті көшірілгенін ресми түрде жариялады. Ол республикада былтыр қараша айында басталған болатын. Қазір банктер клиенттердің төлем тапсырмаларын ақпараттық жүйелердің жұмыс кестесіне сәйкес әдеттегі режимде, еш шектеусіз және кідіріссіз қабылдап жатыр. Қазақстан енді ISO 20022 стандартына көшкен өзге Еуропалық Одақ пен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен бірге трансшекаралық төлемдерді жеңілдетіп, халықаралық сауда-саттықтың дамуына өз үлесін қосатын болады.

Жалпы, халықаралық төлем хабарламалары стандартын қолдану банктерде клиентке қаржы қызметін көрсету тәртібін өзгертпейді. Бұл жұмыстардың карточкалармен жасалатын төлемдерге еш қатысы жоқ. Осылайша, халықтың төлем карталары, QR-кодтар, мобильді аударымдар, банкоматтардан қолма-қол ақша алу, ұялы байланыс төлемдері және басқа да төлемдер өзгеріссіз қалады.

Ұлттық банкі төрағасының кеңесшісі – Ұлттық банктің цифрлық трансформация жөніндегі жетекшісі Б. Жаленов Қазақстан қаржыгерлері конгресіндегі презентациясында, Қазақстанның қаржы нарығы – цифрландырудың табысты әрі тиімді үлгісі екенін айтқан болатын. Оның айтуынша, жоғары технологиялық нарық жоғары технологиялық реттеушілерді қажет етеді. Қазақстанның қаржы нарығы ұлттық экономиканы цифрландырудың басты қозғаушы күші болып қана қоймай, көп елге үлгі болып отыр. Қазақстан қолма-қол ақшасын төлем бойынша әлемде көшбасшы елдердің бірі. Мобильді банк қосымшалары күнделікті қаржылық қызметтердің ғана емес, сонымен қатар сауда-саттық, мемлекеттік қызмет алу және басқа да көптеген қызметтердің негізгі интерфейсі-

не айналып үлгерді. Қазақстанда қаржылық қызмет алудың толық циклі – банк шотын ашудан бастап соңғы есеп айырысуға дейін – цифрландырылған деп сенімді түрде айта аламыз. Бұл прогресс нарыққа қатысушылардың таланты мен кәсіпкерлік бастамалардың арқасында мүмкін болды. Ал оның негізі – нарықтағы ашық және қарқынды бәсекелестік. Бұл ретте, мұндай бәсекелестіктің басты факторлары – прогрессивті реттеу және барлық банкке бірдей мүмкіндік беретін банкаралық инфрақұрылым болды. Осы екі аспектіні Ұлттық банк тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдардан бері белсенді түрде дамытып келеді.

«Бүгінгі күні Ұлттық банк экономиканың барлық қолма-қол ақшасын айналымының шамамен 87 пайызын өңдейтін тұрақты банкаралық инфрақұрылым құрды. Біздің сәйкестендіру деректерін алмасу орталығымыз қаржы институттарына қызметтерді қашықтан, цифрлық форматта ұсынуға көмектеседі. Мұнда ай сайын шамамен 2,5 млн сұраныс өңделеді. Бірақ бұл – бір орында тоқтап қалуға болады деген сөз емес. Цифрландыру қаржылық қызметтерді қашықтан алынатын форматқа ауыстырып қана қойған жоқ, ол нарық табиғатын өзгертіп жатыр. Банктер енді дәстүрлі қаржы институты ғана емес, электрондық коммерция, мемлекеттік қызметтер және тағы басқа қызметтерді қамтитын үлкен цифрлық экожүйеге айналды. ESG күн тәртібі, геосаяси тұрақсыздық және жасанды интеллект сияқты жаңа технологиялардың қарқынды дамуы және басқа да жаһандық үрдістер орталық банктер мен қаржы саласын реттеушілердің алдына жаңа міндеттер қойып отыр», – деген Ұлттық банктің цифрлық трансформация жөніндегі жетекшісі бұл бағыттағы шетелдік әріптестерінің тәжірибесіне талдау жасалғанын жеткізді. Оның сөзіне қарағанда, маңызды трендтер ретінде мыналарды атап өтуге болады: BIS мәліметтері бойынша, орталық банктердің басым көпшілігі (94%) ұлттық цифрлық валюталарды енгізу мәселесін қарастырып жатыр; геосаяси сын-қатерге байланысты 70-тен астам ел өздерінің төлем жүйелерін енгізді; жасанды интеллект талдау және қадағалау мақсатында кеңінен қолданылуда. Кей реттеушілер инновацияларды өздерінің ішкі процестеріне енгізуге назар аударса, енді бірі нарыққа арналған цифрлық инфрақұрылымға көбірек көңіл бөліп отыр. Алайда барлық қаржы реттеушілерінің пікірі бір арнада тоғысады: цифрлық талдауды белсенді түрде арттыру және реттеу тәсілдерін өзгеріп жатқан нарық табиғатына бейімдеу.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ӨМІРІН ӨНЕРІМЕН ӨРНЕКТЕГЕН ЗАҢҒЕР

Мемлекеттік қызмет ісінде жүрсе де, халыққа өнерімен танылған азаматтар ел ішінде некен-саяқ кезігеді. Көбісі мұндай асыл қасиетін кәсіп етпейді, халық алдына шығып, таныла бермейді. Қызмет бабында томаға-тұйық, ұстамды қалпынан айнымайтын ондай азаматтардың ішінде жатқан өнерін көпшілік біле бермейтіні де содан шығар.

Жанайхан Ақуанұлы Мұқтар – барлық ғұмырын құқық қорғау органына арнаған сондай өнерлі азаматтың бірі. Даңқты Сүйінбай Аронұлының «Тезек төре – жартылай әкім, жартылай ақын» дегеніндей, Жанайхан да өмір бойы иығына погон тағып, қоғам тәртібін реттеп, бұзақы қылмыскерлерді бұғаулап, мемлекет мүддесіне мінсіз қызмет көрсете білген. Қандай қиын жағдайда жүрсе де, өзі сүйген өнерін жан-жүрегінен бір елі шығарған емес. Қайта, беймаза, ауыр жұмыстан шаршаған кезде, ана сүтімен, әке қанымен бойына дарыған өнерінен күш-қайрат алып, рухтана түсетін.

Бала жастан туған жері Жастілектің тылсым табиғатымен сырласып өскендіктен болар, шалқар даланың саумал самалындай сыршыл әндер мен мәйекті өлеңдер сұлу қыздың кестесіндей көкейінде өріле кететін. Ондай сәтте домбырасын қолына алып, әнді де, оның өлең сөзін де қайта-қайта қайталап, жадына тоқып алатын. Тағдырдың жазуымен ішкі істер органында ұзақ жылдар жұмыс істесе де, қасиетті өнерінен қол үзбеді. Әрбір шығарған әндері мен өлеңдерін көкейіндегі алтын сандығында сақтай берді.

Үнемі ат жалында, түйенің қомында жүріп қызмет істейтін тергеуші мамандығы өнер ортасына шығуына мүмкіндік туғызбайтын. Содан болар, Жәкең Қарағанды облысында ішкі істер органында қызмет істеген жылдары қызметтің қым-қиғаш күндерінде өнер иелерімен жиі араласа алмады. Кейіндеу, қызметі өсіп, Ішкі істер министрлігінің Тергеу басқармасына бөлім бастығы болып ауысты. Осы кезден бастап өнер айдынында жүзген талай саңлақ әнші-актерлер, ақын-жазушылармен жақын танысып, жақсы сыйласып кетті.

Өрине, «өнер десе, ішкен асын жерге қоятын» Жанайхан ондай ел мақтаған, халық жақтаған сахна саңлақтарына әр кезде зор ықыласпен сый-құрмет көрсететін. Олардың алдында өзінің де өнерден құралақан емес екенін де жайлап білдіретін. Сырт көзге сұсты көрінетін тергеуші, прокурор, судья мамандарына үрке қарайтын өнерпаздар Жәкеңнің әндерін, өлеңдерін тыңдағанда, тіпті қайран қалатын. Құқық қорғау маманы емес, нағыз өнер иесі екенін көрсетіп тұрғандай әсер алатын.

Жанайхан Ішкі істер министрлігіндегі қызметтен Республика Жоғарғы Сотына ауысқан жылдары өнерпаз қауыммен тіпті жиі араласты. Сол кездегі Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі алқасына Мақсұт Нәрікбаев басшылық жасаған еді. Өзінің көмекшісі Жанайханның бойындағы талантын бірден танып, жоғары бағалай білді. Жарықтық Мақан да өнер десе тұла бойы иіп тұратын нағыз ұлтжанды, рухы мықты кісі еді. Еліміздің мемлекеттік және ұлттық мей-



Жанайхан Ақуанұлының Жоғарғы Сотқа сіңірген еңбегі мұнымен шектелмейді. Астана қаласының Сол жағалауынан жаңадан салынған сот ғимаратын пайдалануға берілгенде, өзінің ақ отауы судьялар мен сот қызметкерлеріне мінсіз қызмет көрсету үшін оны жауапкершілікпен ұстап тұру керек болды. Жаңадан ашылған ғимараттың ішкі жұмысы Мемлекеттік қазынаны көсіпояны болып келді. Жәкеңнің іскер, тақты маман екенін жақсы білетін сол кездегі Жоғарғы Соттың төрағасы Қайрат Мәми осы мекемеге Жанайхан Мұқтарды Әкімшілік директоры етіп бекітті. Бұл қызметті де Жәкең аса ыждағаттылықпен айқара білді. Дирекцияның бүкіл жұмысын тап-тұйнақтай етіп жолға қойып, судьялар мен сот қызметкерлеріне мінсіз қызмет көрсетті.

рамдары келгенде, бұл екі азамат ұжымға мерекелік концерт қойып беруден әсте аянбайтын. Ұлансыз мерекелерде ұжымдағы өнерге бейім, таланты бар жас мамандардың күшімен шағын спектакльдер, скетч, комедиялық ойындар қойғызатын, ән айтықызып, күй тартқызатын. Өлең-жыр оқытып, өнер сайыстыратын. Осындай рухани іске ұйытқы болып, сот мамандарына ерекше бір мерекелік жағдай жасап беретін. Мұндай айтулы іс-шараның басын Жанайхан Ақуанұлы өзі бас болып ұйымдастыратын.

Әсіресе, халқымыз сүйіп тыңдайтын Нұрлан Өнербаев, Марат Ильясов, Досымжан Таңатаров, Рамазан Стамғазиев, Бекболат Тілеухан, Меруерт Түсіпбаева, Байғали Есенәлиев, Құдайберген Бекіш, Қасымхан Бұғыбай, Илияс Рысхан сынды әнші-композиторлар Жанайханның ең жақын достары болды. Бұл өнер иелері де Жәкеңнің жанға жайлы, жан тебірткен әндерін келістіре орындап, халыққа жеткізді. Заңгер Жанайханның ішінде жатқан небір тамаша әндері көпшіліктің көкейіне осылай жол тартқан еді. Жәкеңнің әндері, әсіресе, Нұрлан мен Досымжанның, Меруерт пен Байғалидың репертуарында тұрақты орындалатын туындыларға айналды. Бұл үрдіс ұзақ жылдардан бері өзінің жалғасын тауып келеді.

1996 жылы маусым айында Жоғарғы Сотқа Мақсұт Нәрікбаев төраға болып келгенде ұжымдағылар ерекше қуанды. Мінезі жайсаң, ақжарқын, қазақы салт-дәстүрге берік Мақанстың сот ұжымдарына деген ықыласы ерекше болды. Бұл Конституцияның жаңаша бағыттағы реформаларын тыңғылықты жүзеге асыру, құқықтық сот реформасын тәуелсіз мемлекеттің мүддесіне сай жетілдіру, өркендету қызу басталған тұс еді. Жоғарғы Соттың ішкі құрылымдық жүйесі де қайта жасақталды. Төрағамен келісе отырып, Жанайхан Ақуанұлы кеңестік кезеңнен келе жатқан Жоғарғы Соттың іс басқармасын

лерін жайлы да қолайлы жұмыс орнымен қарсы алды. Жәкеңнің жансебіл еңбегінің арқасында Жоғарғы Сот төрағасы да, судьялар да Мемлекет басшысының ризашылығына бөленді.

Жәкең үнемі жаңа идея, тың бастама көтеруге дайын жүретін ой-парасаты биік азамат. Құрылысшылар Жоғарғы Соттың айналасын абаттандырып жүргенде ғимараттың оң жақ қапталында жатқан үлкен-үлкен ауыр үш тасты көрікті болсын деп, бір жерге жинап қойыпты. Мұны байқап қалған Жәкең ерекше бір ой түседі. Төрағамен бірге айналасы көріктендіру жұмысын қарап, тексерген кезде, әлгі ойын жасырмай;

– Мақсұт Сұлтанұлы, маған мынандай бір ой келді. Мына үш тасты сыртқа шығартқан жоқ едім. Себебі, осы үш тастың жатқан орнына халқымызға қадірі асқан үш биі Төле, Қазыбек, Әйтекенің ескерткіш-монументін орнатсақ, қалай қарайсыз? – деді. Мақан сәл ойланyp барып:

– Оу, Жанайхан, мына идеяң

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Аппараты деп өзгертті. Оның ішкі құрылымын, құқықтық функционалдық қызметін, штаттық кестесін заманауи талаптарға сай реттеді. Ұсыныс Президент Әкімшілігі басқармасының қолдауымен бекітілді. Өзі аппарат басшысы болып тағайындалды. Бұл жүйе қазірге дейін қызмет жасап келе жатқанын сот қызметкерлері жақсы біледі.

Тәуелсіз елімізді түлетудегі ең ерен іс – ел астанасын Ақмола қаласына көшіру болғаны баршаға аян. Мемлекет басшысының Жарлығы шығысымен, барлық билік орындары көш қамына кірісті. Жоғарғы Сот та алғашқылардың бірі болып, ұлы көштің керуенін Арқаға бұрды. Әсілі, бұл айтуға ғана жеңіл. Ол кезде Ақмола қаласында жаңа ғимарат, жаңа үй жоқтың қасы. Жоғарғы Сотқа бүгінде республикалық әскери сот қоныстанып отырған, бұрынғы қалалық емханның ғимараты бұйырды. Сүйегі мықты, патшалық дәуірден келе жатқан бұл ғимаратқа жөндеу жүргізіп, заманауи сот үйіне келтіру оңайға соқпады. Тоқсан жетінші жылдың шілде айының ортасында өзінің сақадай сай он қызметкерімен көшті бастап келген Жәкең күн демей, түн демей қызу жұмысқа кірісті. Ақмола қаласындағы және маңындағы әскерилерді жұмысқа тартып, билікті құрылыс мамандарымен үздіксіз жұмыс жүргізді. Нәтижесінде Жоғарғы Сот ғимараты заманауи талаптарға сай жабдықталды. Сол жылы көшіп келген судьялар мен сот қызметкер-

өте тамаша екен! Шынында да ұлы билеріміздің тура осында тұрғаны жөн. Халық та, судьялар да әділдіктің атасы атанған билерімізге тағзым етіп, керемет рухани тәрбие алар еді. Мен қолдаймын, – деді аса ризалық сезіммен.

Бұл іске Жанайхан Ақуанұлы бар күш-жігерін сарқа жұмсады. Теміртау қаласындағы шойын балқыту-құю цехындағы мамандармен ақылдасып, монументтің кескін-келбетін мүсіншілермен келісе отырып, алты айдың ішінде дайын етті. Үш бидің тұлғалы ескерткіші 1998 жылдың сегізінші мамыр күні сол кездегі Президент Нұрсұлтан Назарбаев халық алдында салтанатты түрде ашты. Оған билік өкілдері, депутаттар мен судьялардың бәрі қатысты. Абыз ақсақалдар Салық Зиманов, Өмірбек Байгелді, Әбіш Кекілбаевтар ақ жарылып батасын берді. Бұрындары Лениннің ескерткішінен басқаны көрмеген Ақмола халқында мұндай шексіз қуаныш, сүйсіну, сірә болмаған шығар?! Бүгінде сот әділдігі үшін ұзақ жылдар еңбек еткен әділ судьяларға берілетін «Құрметті үш би» төс белгісінің моделі де осы ескерткіштің көшірмесі екенін көпшілік біле бермес.

Жанайхан Ақуанұлының Жоғарғы Сотқа сіңірген еңбегі мұнымен шектелмейді. Астана қаласының сол жағалауынан жаңадан салынған сот ғимараты пайдалануға берілгенде, әділдіктің ақ отауы судьялар мен сот қызметкерлеріне мінсіз қызмет көрсету үшін оны жауапкершілікпен ұстап тұру керек болды. Жаңадан

ашылған ғимараттың ішкі жұмысы мемлекеттік қазыналы кәсіпорын болып құрылды. Жәкеңнің іскер, мықты маман екенін жақсы білетін сол кездегі Жоғарғы Соттың төрағасы Қайрат Мәми осы мекемеге Жанайхан Мұқтарды Әкімшілік директоры етіп бекітті. Бұл қызметті де Жәкең аса ыждағаттылықпен атқара білді. Дирекцияның бүкіл жұмысын тап-тұйнақтай етіп жолға қойып, судьялар мен сот қызметкерлеріне мінсіз қызмет көрсетті. Сот ғимаратындағы барлық шаруашылық істерді жөнге келтірді. Айналасына тал-терек, гүл ектіріп, көркейткіп, абаттандырды. Ғимарат үшін көз тойтындай заманауи кескіндермен безендіртті.

Жанайхан Ақуанұлы бұдан кейін Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде де абыройлы қызмет істеп, өзінің білікті маман екенін көрсетті. Ректоратта кадр саясаты және құжаттамамен қамтамасыз ету қызметін атқарды, әрі Әкімшілік департаментті басқарды. Қандай қызметте жүрсе де барлық істі мұқият, аса жауапкершілікпен атқаратын Жәкең университетте де үлкен беделге ие болды. Ең кереметі, салтанатты жиында орындалатын Еуразия ұлттық университетінің гимнін жазып берді.

Бүгінде жетпіс жасқа толған Жанайхан Мұқтар әлі де еңбектен қол үзген емес. Өзінің кәсіптік мамандығы құқық қорғау ісінде адвокат болып, әділетті қоғам үшін аянбай қызмет көрсетіп жүр. Шынайы да тұрашыл ісіне, адвокаттық көмегіне халық дән риза. «Қара қылды қақ жарған» әділдігіне талай жүгінуші рақметін айтып, алғыс жаудырып жүр. Ұзақ жылғы заңгерлік қызметі мемлекет тарапынан бағаланып, «Құрмет» орденімен және түрлі мерекелік медальдармен марапатталды. Және де еліміздің мәдениеті мен өнеріне сіңірген еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері» төс белгісін иеленді.

Сөз соңында Жәкеңнің композиторлығына ауыз тоқтала кетейік. Бүгінге дейін Жанайханның жан дүниесін жарып шыққан елуге жуық әні ел аузында, халықтың көкейінде жүр. Әсіресе, таңдаулы деген «Алыстап барады жастық шақ», «Досыма», «Қос шырақ», «Есіңде ме?», «Жүрек сыры», «Мен сенемін», «Шебер қыз», «Жан бота» әндерін, сондай-ақ жоғарыда айтқан Еуразия ұлттық университетінің және Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының гимндерін атап айтар едік.

Жанайхан Ақуанұлы – өсіп-өнген, үлкен әулеттің отағасы. Жан жары Мейрамкүл екеуі үш ұлдарынан сегіз немере сүйіп отыр. Үлкен ұлы Данияр өзінің жолын қуған заңгер, құқық қорғау органының білікті маманы. Ортаншысы Фанибет пен кенже ұлы Асқар өзге мамандықтың иелері. Фанибеттің өнерге бір табан жақын болып ержеткеніне, көңілі дән риза!

Заңгерлік – екіншісі бірі атқаратын құқықтық қызмет. Композиторлық, әншілік, ақындық – адамның ілуде біреуіне бітетін қасиетті өнер. Осы өнерді бойтұмардай мәлепеп ұстаған Жанайханды сегіз қырлы, бір сырлы айтулы азаматқа айтар алғысымыз шексіз. Мерейлі жетпіске толған арда азаматтың ел мүддесі үшін әлі де аянбай еңбек ете беруіне шын көңілден тілек-теспіз!

Қанапия ОМАРХАНҰЛЫ,
журналист, заңгер
Мәдениет қайраткері

БАСТАМА

Әкімшілік әділет институтының тәжірибеге енгеніне де үш жылдан асты. Осы аралықта бұл институт өзіне жүктелген үдеден толық шықты. Бүгінде әкімшілік әділет құқықтық мемлекеттің маңызды белгілерінің бірі болып табылады. Сонымен бірге, осы уақыт ішінде бұл бастама «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын дамытудағы пәрменді күш екенін көрсетті.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қабылданғанға дейін мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметіне шағымданған азаматтардың өкпелерінің тыңғылықты шешілмеді. Соның салдарынан қарапайым жұртшылық тарапынан құзырлы

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСАРТТЫ

орган қызметкерлерінің өз міндетін дұрыс атқармайтыны туралы әртүрлі наразылықтары жиі орын алатын. Әкімшілік әділет институтының қолға алынып, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қолданысқа енгізілуі, елімізде жаңа мамандандырылған әкімшілік соттардың жұмысқа кірісуі жылдар бойы орын алған осы кемшіліктерді оңтайлы шешуге ықпал етті.

Әкімшілік әділет салтанат құрған елдерде азаматтар мемлекеттік органдармен соттасуға, кемшілігін көрсетуге қорықпайды. Өйткені заң мұндай дауларда қарапайым азаматтардың мүддесін жоғары қояды. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте де қарапайым азаматтардың құқығы мен бостандығы, мүддесі басты орында тұр. Заңнамада мемле-

кеттік құрылымдар мен қарапайым азаматтар арасындағы дауды шешудегі теңсіздікті жоюдың барлық мүмкіндігі қарастырылған. Өйткені азаматтардың барлығы құқықтық тұрғыдан жан-жақты сауатты бола бермейді. Олардың өз құқығын қорғауына, мемлекеттік қызметтің қателігін көрсетуіне сауатының азығы, өзіне деген сенімінің төмендігі көп кедергі келтіреді. Соған орай енді тараптарға заңнамадағы барлық қарама-қайшылықтар мен дүдәмал тұстар азаматтардың мүдделерін ескере отырып түзіндіріледі. Сәйкесінше азаматтар бұрынғыдай өз арызындағы деректерді дәлелдеу үшін айғақ іздеп, құжаттар мен анықтамалар жинап әуреге түспейді.

Сонымен қатар, ӘРПҚ талпарынан сақтау барлық әкімшілік органдар үшін міндетті. Осы

заңның қолданысқа енгізілуі құзырлы орган қызметкерлерінің жауаптылығын арттырды деп толық сеніммен айта аламыз. Айталық мемлекеттік органдар әкімшілік рәсімдердің барлық кезеңінде заң талабын тыңғылықты сақтаған жағдайда, өтініш берушілердің наразылығы мен шағымдануы едәуір азаяды. Сондықтан бүгінде мемлекеттік органдар алдыңғы қателіктерін сараптап, кемшіліктің алдын алуға барынша күш салуда. Мұның мемлекет үшін де тиімділігі зор. Құзырлы органдардың әрекеті мен әрекетсіздігіне қарсы дау айтушылардың азаюы мемлекеттік қызметтің жақсарғанының, халық көңілінен шығып отырғанының дәлелі. Соның арқасында азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімі артып, халықтың мемлекетке сенімсіздігі жойылатынын ұмытпайық.

Гүлім МҰҚАНОВА,
Алматы қаласы мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
судьясы

СҰХБАТ

Әлғожа КӨПІРӘЛІ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Райымбек ауданы бойынша наиб имамы:

« ДІН – ҚОҒАМДЫ БІРІКТІРЕТІН КҮШ »

Қазақстан – түрлі этнос өкілдері бейбіт өмір сүріп жатқан көпұлтты мемлекет. Ұлт пен діннің алуандығы еліміздің басты байлығы әрі ерекшелігі. Ұлттық келісім – қоғамдағы әрбір азаматтың бейбіт өмір сүруіне жағдай жасайтын негізгі фактор. Қазақстан тәуелсіздігін алған сәттен бастап, ел ішінде татулық пен тұрақтылықты сақтауға басымдық берді.

Елімізде 18 түрлі діни конфессия өкілдері бейбіт өмір сүруде. Мемлекет әрбір дінге құрметпен қарап, олардың бірлігі мен ынтымағын қолдап келеді. Діни татулықты сақтау – қоғам тұрақтылығының кепілі. Діндер арасындағы өзара түсіністік пен құрмет халықтың бірлігін нығайтады. Әрбір азамат діни сенімдеріне қарамастан, ортақ құндылықтар мен мақсаттарға ұмтылса, ел дамуының іргесі мықты болады. Қазақстан түрлі діни конфессиялардың бейбіт өмір сүретін үлгілі алаңына айналды. Мұсылман, христиан, буддист, католик және басқа да дін өкілдері өздерінің діни сенімдерін еркін жүзеге асырып, бір-бірімен сыйластыққа өмір сүруде. Діни тұрақтылық – қоғамның дамуындағы негізгі факторлардың бірі. Діндер арасындағы өзара құрмет пен түсіністік – елдегі тұрақтылық пен бірліктің кепілі. Осы орайда, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкілдері халық арасында рухани тәрбие беру мен діни сауаттылықты арттыруға ерекше мән беріп келеді. Біз осы бағыттағы жұмыстар туралы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Райымбек ауданы бойынша наиб имамы Әлғожа Көпірәлімен сұхбаттастық.

– Әлғожа мырза, Қазақстанда діни конфессиялардың бейбіт өмір сүруіне қандай факторлар әсер етеді?

– Қазақстанда діни конфессиялардың бейбіт өмір сүруі – бұл елдегі заңнамалық негіздер, тарихи тәжірибе және халықтың өзара түсіністігі арқылы қалыптасқан тұрақты жүйе. Ең алдымен, еліміздің Конституциясында әрбір азаматтың діни сенім бостандығы кепілдендірілген. Бұл дегеніміз – әрбір адам өз дінін ұстануға немесе ешбір дінге сенбеуге толық құқылы. Еліміздегі әрбір конфессия заң алдында тең, бұл мемлекет тарапынан ерекше бақылауда ұсталады. Екіншіден, Қазақстан халқының тарихи ерекшелігі – толеранттылық пен қонақжайлылық. Қазақ халқының тарихында сан алуан ұлттар мен этностардың бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүргізген тәжірибе бар. Бұл тек діни татулықты емес, жалпы қоғамдағы ынтымақтастықты қалыптастыруға негіз болды.

Сонымен қатар, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу арқылы Қазақстан халықаралық деңгейде дінаралық келісімнің орталығына айналды. Мұндай алаңдар діндер арасындағы диалогты нығайтуға, олардың бір-біріне деген құрметін арттыруға және ортақ құндылықтарды насихаттауға мүмкіндік береді. Бұл тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін маңызды бастама деп ойлаймын.

– Ислам діні өзге дін өкілдерімен қарым-қатынасқа қалай қарайды?

– Ислам діни басқа дін өкілдерімен сыйластыққа, бейбіт қарым-қатынаста өмір сүруді қолдайды. Құранда: «Дінде зорлық жоқ. Расында, тура жол мен адасу айқын болды» (Бақара сүресі, 256-аят) делінген. Бұл аят әр адамның сенім еркіндігіне құрметпен қарау керектігін білдіреді. Сонымен қатар, ислам әділдік пен бейбітшілікті басты қағида ретінде ұстанады. Мысалы, Құранда: «Әрдайым әділ болыңдар. Бұл тақуалыққа жақын» (Мәида сүресі,

Ислам діни бойынша, адамдарды тамаққа шақыру, олармен бірге отырып, мейірімділік көрсету – сауапты іс. Ас беру кезінде адамдар рухани тұрғыда бір-бірімен жақындасып, өзара түсіністікті арттырады. Бұдан бөлек, бұл дәстүр ұрпаққа рухани тәрбие берудің тиімді жолы.

8-аят) деп айтылған. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) өмірінде бұл қағидалардың жүзеге асқанын көруге болады. Ол Мәдина қаласында мұсылмандар, яһудилер және христиандар арасында бейбіт келісім орнатып, олардың құқықтарын қорғаған. Бұл – исламның әрқашан бейбіт қарым-қатынасқа негізделген дін екенін көрсетеді.

– Қазіргі қоғамда дін аралық түсініспеушіліктерді болдырмау үшін қандай шаралар қабылдануы керек деп ойлайсыз?

– Қоғамда дінаралық түсініспеушілікті болдырмау үшін бірнеше маңызды шараларды қолға алу қажет. Біріншіден, халық арасында діни сауаттылықты арттыру керек. Көптеген мәселелердің себебі – дұрыс ақпараттың жетіспеушілігінде. Сондықтан діндер тарихы,



орын алатын рәсім. Бұл – тек қазаға қатысты емес, халықты біріктіретін, бірлікті нығайтатын маңызды шара. Ислам діни бойынша, адамдарды тамаққа шақыру, олармен бірге отырып, мейірімділік көрсету – сауапты іс. Ас беру кезінде адамдар рухани тұрғыда бір-бірімен жақындасып, өзара түсіністікті арттырады. Бұдан бөлек, бұл дәстүр ұрпаққа рухани тәрбие берудің тиімді жолы. Ас беру арқылы жастар үлкендерге құрмет көрсетуді, ұлттық құндылықтарды сақтауды және туыстық қарым-қатынастарды нығайтуды үйренеді. Қазіргі заманда біз осы дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, оның рухани мәнін түсіндіріміз керек.

– Оқырмандарға қандай тілек айтар едіңіз?

– Бейбітшілік, келісім және өзара сыйластық – қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі құндылықтар. Қазақстан – осы қағидаларды ұстана отырып, әлемге бейбітшіліктің үлгісін көрсетіп отырған ел. Әрбір азамат осы бейбітшілікті сақтау үшін өз үлесін қосып керек. Дін – қоғамды біріктіретін күш. Сондықтан біз дінді дұрыс түсініп, оны татулық пен мейірімділікке бағытталған құрал ретінде қабылдауымыз қажет. Бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауы – баршамыздың ортақ жауапкершілігіміз.

– Сұхбатыңызға рақмет. Еңбектеріңіз жемісті болсын

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА БІЛІМ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ АЛШАҚТЫҚТЫ ЖОЯ МА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ұлттық жоба аясында оқушылардың білім сапасындағы алшақтықты азайту бойынша кешенді шаралар қабылданбақ. Үшінші міндет – мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету. Оқушы орындарының тапшылығын қысқарту үшін 1000 мектеп салу жоспарланған. Нәтижесінде, үш ауысымды мектептерді жою және апатты мектептер үлесін 0,1%-ға дейін қысқарту көзделген. Аталған ұлттық жоба негізінде осы жылы шағын қалаларда, аудан орталықтарында, ауылдарда 5000 мектеп жаңғыртылып, балаларды оқыту үшін қауіпсіз және қолайлы жағдайлар жасау қарастырылған. Қолжетімді, сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету «Білімді ұлт» ұлттық жобасының төртінші міндеті саналады. Осы жылы жастардың 100%-ы қажетті мамандықтар бойынша тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз етіледі. Бұл 9 сыныпты бітіргендерге қатысты болмақ. Бүгінде техникалық және кәсіптік біліммен қамту көрсеткіші 90%-ды құрайды.

Министрліктің ақпаратына қарағанда, жоғарыдағы міндеттерге қоса 2025 жылы 329 мың оқушыға жаңа орын ашу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және түзетумен 100% қамту, мектептерде интернет жылдамдығын 100%-ға арттыру, қо-

сымша біліммен қамтуды 90%-ға дейін ұлғайту, 1000 заманауи физика, химия, биология, роботтехника, STEAM пәндік кабинеттерін сатып алу жоспарланған. Сондай-ақ 1300 ауыл мектебін жаңарту жобасы да биыл басталады.

Қолжетімді, сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету «Білімді ұлт» ұлттық жобасының төртінші міндеті саналады. Биыл жастардың 100%-ы қажетті мамандықтар бойынша тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз етіледі. Бұл 9 сыныпты бітіргендерге қатысты болмақ. Бүгінде техникалық және кәсіптік біліммен қамту көрсеткіші 90%-ды құрайды. Мемлекеттік тапсырыс бойынша 143 мың студент қабылданды. Қамтуды ұлғайту нәтижесінде НЕЕТ санатындағы жастар үлесін төмендету жоспарланған.

Білім жүйесінің бұл бағытында биыл айтулы жыл болатын секілді. Себебі бұған дейін де айтылғандай, биыл Президенттің бастамасымен «Жұмысшы мамандықтары» жылы болып жарияланды. Осыған орай министрлік техникалық және кәсіптік білімге қарастырылатын мақсатты тапсырысты 10 мың орынға ұлғайтады. Қазір 30 мың студент түлектердің тәжірибе жинау мен жұмысқа орналасуын ұйымдастыратын кәсіпорындардың өтінімдері бойынша оқиды.

Биыл олардың жалпы саны 40 мың адамға дейін артады. Сонымен қатар Үкімет мемлекеттік білім беру тапсы-

рысының құнын 2 есеге арттыруды, шағын бизнес қаражаты есебінен 120 колледждің материалдық-техникалық базасын жақсартып, оларды нығайтуды, колледж базасында 50 шағын кәсіпорын ашуды жоспарлап отыр. Қазір колледждерде студенттер практикадан өтетін 40 шағын кәсіпорын жұмыс істейді. Келесі жылы тағы 10 шағын кәсіпорын ашылады.

Негізі «Жұмысшы мамандықтары» жылындағы міндеттер межесі мұнымен біткен емес. Өйткені жұмысшы мамандарды колледждер дайындайтындықтан, дәл осы техникалық және кәсіптік білім саласының сапасы артуы тиіс. Оқу-ағарту министрлігі жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруды, «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» қағидаты бойынша еңбекқорлық пен кәсібилікті дәріптеуді мақсат етіп отыр.

Бұл ретте белсенді кәсіптік бағдар беру жұмысын, жұмысшы кадрларды даярлау ісін жетілдіру, техникалық және кәсіптік білімнің тартымдылығын арттыру, жұмыс берушілердің жұмысшы кадрларды даярлауға және қолдауға қатысуын кеңейту, жұмысшы кәсіптерінің имиджін ілгерілету, жұмысшылардың құқықтарын қорғауды күшейту, жұмысшы жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыру міндеті тұр.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ШЕШІМ

Талап қоюшы 2008 жылдың қаңтарынан бастап «толық емес отбасы» санаты бойынша кезекте тұрды. Алайда, тұрғын үй комиссиясы 2011 жылы оған Ақтөбе қаласында пәтер берілді деген уәжбен, 2014 жылы кезектен шығарып жіберген.

СОТ ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРДІ



Анар ШЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы

Аталған пәтер анасына, талап қоюшыға, оның екі баласына және інісіне берілген. Сонымен қатар, інісінің отбасы бар. Сонда барлығы 7 адамға берілген.

Осыған байланысты, талап қоюшы сотқа тұрғын үй комиссиясының хаттамалық шешімін заңсыз

деп тану, тұрғын үйге мұқтаждарды есепке алу кезегін қалпына келтіру туралы талап-арызбен жүгінді. Сот отырысы барысында аталған үй талапкердің меншігінде болмағаны анықталды және 2011 жылы ол заңды түрде басқа тұлғаға сатылды. Сонымен қатар, талап қоюшы аталған пәтерде тұрмаған, ол жерде анасы, інісі өзінің отбасымен тұрған.

Соттың шешімімен талап арыз қанағаттандырылды.

Тұрғын үй комиссиясының хаттамалық шешімі талап қоюшыны тұрғын үйге мұқтаждар есебінен шығару бөлігі заңсыз деп танылып, күші жойылды.

Сот жауапкерлерге талап қоюшыны халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары, яғни, толық емес отбасы санаты бойынша тұрғын үйге мұқтаждар есебіндегі кезегін 2008 жылдың қаңтар айынан бастап қалпына келтіруге міндеттеді.

Сот шешімі заңды күшіне енді.

ТУРИЗМ

ҚЫТАЙЛЫҚ ТУРИСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алдыңғы жылмен салыстырғанда бұл шаһарға саяхаттаушылар саны 70 мыңға жуық адамға артты. Ал Астанаға «eQonaq» жүйесіне тіркелген 269 320 шетелдік мейман үздік үштікті түйіндеген Алматы облысында шетелдік туристер саны 134 763 адамға жетті. Жалпы былтыр «eQonaq» жүйесінде тіркелген орналастыру орындарында 1,5 миллионнан астам шетелдік турист тоқтаған болатын.

Қазақстан соңғы жылдары туризм саласына көп мән беріп, инфрақұрылымдарды дамыту үшін бизнеске көрсетілетін қолдаудың көлемін де, түрін де ұлғайтып жатыр. Осыған қарамастан қонақ үй тапшылығы, ауыл, аудан, облысты былай қойып, республикалық маңызы бар қалалардың өзінде әлі сезіліп отыр. Мерекелік демалыстарда қала сыртынан не жатын орын, не көлік қоятын тұрақ таппай қиналған жұрт жол бойында кептеліске түсіп, әуресарсаң болып жататын жағдайлар аз емес. Бұдан бөлек, туристік қызмет көрсететін гидтердің қызметі лицензияланбаған соң, тіл білетін адамның бәрі туристерге жолсерік боп жүр. Тіпті бұл қызметпен айналысуға құзыреті болмаса да, шетелдік құжатпен жүріп-ақ өз елінен туристерді қабылдап, олардың саяхатын ұйымдастырып жүргендер жыл өткен сайын көбеймесе, азаймай тұр. Туристік полиция олардың заңсыз қызметіне тосқауыл қоюға дәрменсіз. Сондықтан сан мен сапаның арасындағы алшақтық жойылмай отыр.

Алаяқтардың арбауына түсіп, өзіне қажетті қызметті ала алмаған соң қолын бір сілтеп, демалысын өз елінде емес, өзге мемлекетте өткізуге мәжбүр болып жүргендер жеткілікті. Біздің демалысқа жұмсайтын қаржымызға сәйкес қызмет көрсететін орындар Қазақстанда саусақпен санарлық. Бары аспандағы бағаны сұрайды, орташасы турист-

ке демалушы ретінде емес, табыс әкелуші ретінде қарайды. Мұндай жағдайда Қазақстанның көршілес Өзбекстанға баратын шетелдік туристердің жартысы тұрмақ, ширегіне жетуі үшін әлі талай жыл қажет болуы мүмкін.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Сіз не дейсіз?

Раушан ШӘМІЛҚЫЗЫ, Қазақстанның туризм индустриясы ұлттық қауымдастығының жетекшісі:

– Қазақстанға деген қызығушылық шетелдіктер арасында жыл өткен сайын өспесе, кеміп жатқан жоқ. Өкінішке қарай, біз оны әлі толық пайдалана алмай жүрміз. Себебі шетелдіктер өздерінің демалысын ең кемінде жарты жыл бұрын жоспарлайды. Бұл үшін галамтордан ақпарат іздеп, алдын ала саяхаттайтын орындардың тізімін әзірлеп, бағытын белгілейді. Жасыратыны жоқ, біз оларды тек тұмса табиғатпен ғана қызықтыра алмаймыз. Олар өз сапарларында халқымыздың тарихи, мәдени орындарын аралап, ұлттық салт-дәстүрімізбен танысқысы келеді. Бірақ біздің туристік компаниялар көп жағдайда олардың сұранысын өте жоғары деңгейде ұйымдастырып бере алмауда. Өйткені көнеден келе жатқан аңшылық дәстүрдің тазы жүгіртіп, жыртқыш құстарды жабайы аң мен құстарға салып жарысатын сайыстардың кестесі алдын ала дайындалып, бәрінің күнтізбеге сәйкес өтуін ешкім қадағаламайды. Ал Наурыз сияқты ерекше сан-салтанаты бар мейрамдардың бағдарламасы ешқашан алдын ала жасалып, туристік компанияларға таратылмайды. Сондықтан ең соңғы аптаға дейін бәрі қайда, не болады екен деп бір-бірінен сұрап жүр.

Бұдан бөлек, еліміздегі туристік қызметтің түйткілді мәселелері де жеткілікті. Туристер көп келетін уақытта қонақ үй тапшылығының туындауы әлі жойылған жоқ. Сондай-ақ шетелдік туристерге заңсыз қызмет көрсететіндер көп. Шет елдерде туризм саласының маңызын жоғары бағалағандықтан ол қатаң бақылауда ұсталып, туристердің келіп-кетуінен бастап, бүкіл жеріс-тұрысы белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі. Бізде оны қадағалау өте әлсіз. Сондықтан саладағы көлеңкелі қаржы айналымының көлемі өте жоғары. Егер әрбір шетелдік саяхатшы өз сапары кезінде кем дегенде онға жуық адамның жұмыспен қамтылуына түрткі болатынын ескерсек, біз туризм саласына тәртіп орнатуымыз керек.

КӨЗҚАРАС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында ел үшін маңызды, өзекті мәселелер жан-жақты қамтылып, көпшіліктің көкейінде жүрген бірқатар сауалдарға нақты жауап берілген екен.

АСЫЛ – ТАСТАН, АҚЫЛ – ЖАСТАН



Президент – мемлекет тұтқасы, ел сенімінің кепілі. Сондықтан, Президент айтқан мәселелерге үніліп, берген тапсырмалар мен нұсқаған бағыт-бағдарға көңіл бөлудің маңызы зор. Әрине, Мемлекет басшысының: «Президент – «Құдайдың жердегі көлеңкесі» емес, мемлекетті басқару үшін белгілі бір мерзімге сайланған менеджер ғана» деуі де орынды. Құқықтық, зайырлы мемлекет болғандықтан, ел азаматтарының Мемлекет басшысы атқарған жұмыстарды таразылап, соған орай өзінің ұсыныс-пікірін, сын-ескертпесін жолдап отыруы көптеген оқлықтардың алдын алатыны талассыз. Ол үшін азаматтар мәселені сараптау, таразылау қабілетін меңгеруі керек. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Заң факультетінде оқытушылар мен студенттердің ба-

сын біріктіріп, Президент сұхбатын талдауымыздың мәні де осында. Мұндай талқылаулар жастардың ой қорыту, өз ұстанымын дәлелдеу, өз пікірін жеткізу мүмкіндігін кеңейтеді. Жалпы, сұхбатта Президент осы күнге дейін атқарылған көптеген іс-шараларға тоқталған. Соның ішінде студенттер «Ұлттық қор – балаларға» жобасының ұтымды болғаны, балаларға үміт сыйлағанын ерекше ынтымен айтты. Сонымен бірге, шәкірттер төтенше жағдайды ел бірлігінің арқасында жеңгенімізге мысалдар келтіріп, «Ынтымақты елдің ырысы мол» деген халық даналығының шынайылығын сөз етті. Жастар былтыр қабылданған заңдардың артықшылығы туралы айтып, құжаттардағы өзгерістер мен толықтыруларды да тамаша

талқылады. Бұл студенттердің заң саласындағы жаңашылдықтарды қалт жібермей, қадағалап отыратынын көрсетеді. Әрі заңдарды салыстыра талдағандағы жастардың білімі мен жігері ұстаздардың мерейін өсіреді.

«Шетелдің оннан астам беделді жоғары оқу орнының бөлімшесі ашылды. Ғылымды қаржыландыру көлемі арта түсті, мәдениет саласының қызметкерлеріне елеулі қолдау көрсетіліп жатыр. Бұқаралық спортты дамытуға баса мән берілді. Мұның бәрін азаматтардың жасампаздық әлеуетін арттыру үшін пайдалы инвестиция деуге болады» деген екен Президент өз сұхбатында.

Студенттер мен оқытушылар білім мен ғылым саласына көрсетілген қолдау мен бөлінген қаржы төңірегінде де ауқымды ойлар айтты. Расында, мемлекет қамқорлығының арқасында шетелде білімді жетілдірем, тәжірибемді шыңдаймын деген жастарға бүгінде ешқандай кедергі жоқ. Шетелдік оқу орындарында білім аламын деушілерге де жол ашық. Жастар осындай мүмкіндікті қолдан жібәрмеуі керек. Осыған орай басқосу барысында шетелдік үздік оқу орындарымен ынтымақтастық, онда білімді жетілдірудің тетіктері төңірегінде ақыл-кеңестер берілді.

Ойды ой қозғайды. Президент сұхбатынан бастау алған талқы шәкірттерімізді жаңа қырынан тануға септігін тигізді. Сонымен бірге, бұл жиын жастардың нені армандайтынын, қандай мәселелер мазалайтынын көрсетіп беруімен құнды болды. «Асыл – тастан, ақыл – жастан» деген даналар сөзіне осы жолы тағы бір көз жеткізгендей болдык.

Бақытжан ҚАЛЫМБЕК, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Атқарушылық құжаттардың басым бөлігінің дер кезінде орындалмауына осындай жауапсыз азаматтар түрткі болуда.

– Сот актілерін орындауда жеке сот орындаушыларға үлкен құзырет берілгені белгілі. Осы мәжбүрлеу шаралары да борышкерлерге әсер етпей отырма?



Тимур ҚАПАНОВ,
Алматы облысы атқарушылық округының аға сот орындаушысы:

«БІЗДІҢ БАСТЫ ҚАРУЫМЫЗ – ЗАҢ»

– Жұмыс барысында қолданытын біздің басты қаруымыз – заң. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңды басшылыққа ала отырып өндірісімізге түскен сот актілерін сапалы орындауға күш саламыз. Өкінішке қарай, өзіне жүктелген міндетті өз еркімен, саналы түрде орындайтындыр сирек. Сондықтан, жеке сот орындаушыларға атқарушылық іс жүргізуді қозғаумен бір мезгілде атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету шараларын қабылдауға тура келеді. Шаралардың бірі өндіріп алу сомасы шегінде шоттар мен мүлікке тыйым салу болып табылады.

Былыр Алматы облысының жеке сот орындаушылары 218 борышкерді әкімшілік жауаптылыққа тартып, 126-сына әкімшілік айыппұл салса, 92 борышкерге қамаққа алу түріндегі әкімшілік жауаптылық белгіленген. Сондай-ақ, өз балаларының алдында қарызын қайтаруға немкетті қарап, алимент бойынша берешегі қордаланған 46 борышкер Қылмыстық кодекстің 139-бабына сай жауаптылыққа тартылған. Осындай пәрменді шаралардың көмегімен берешекті өндіруге барынша қадам жасалып жатыр.

– Бүгінгідей нарықтық заманда тұрақты жұмыс тауып, берешегін уақытылы қайтару да азаматтарға оңай емес. Әсіресе, алимент бойынша қарызы барларды мәжбүрлеу арқылы берешегін өндіруге міндеттеу мүмкін емес шығар?

– Жеке сот орындаушылар борышкерлердің қарызын өз еркімен қайтарып, атқарушылық құжатты орындауына мүмкіндігінше көмектесіп келеді. Біздің тарапымыздан ұйымдастырылатын бос орындар жәрмеңкесінің де негізгі мақсаты осы. Былыр Жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп 32 жәрмеңке өткізілді. Оған 243 борышкер қатысып, 166-сы тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілді. Осы азаматтар-

дың барлығы берешегін уақытында қайтарып жүр. Мұндай пайдалы шараларды алдағы уақытта да үзбей жалғастыру ойымызда бар.

Сондай-ақ жеке сот орындаушылар қызметі, сот актілерін дер кезінде орындамаудың салдары, берешегін қайтармағандарды мәжбүрлеу шаралары, борышкерлерге белгіленетін әкімшілік және қылмыстық жауаптылықты түсіндіру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында үнемі танымдық мақалалар жариялап келеміз. Мұндағы заңдық тетіктерді түсінген азаматтардың заңнан аттамауға тырысары анық.

– Алимент өндіру – әлеуметтік мәселе. Бала-шағасының алдындағы жауаптылығын ұмытып, алимент төлеуден жалтарып жүргендер аз емес. Былыр алиментті өндіруде оң өзгерістер болды ма?

– Алматы облысының жеке сот орындаушылары былтыр алиментке байланысты 1 млрд 431 миллионға жуық теңгені өндірді. Мұндай жақсы көрсеткішке жеке сот орындаушылар палатасы тарапынан қолға алынған игі бастамалардың нәтижесінде қол жеткіздік. Себебі Алматы облысының Іле, Талғар, Жамбыл және Қарасай аудандарында алимент өндіру бойынша мамандандырылған жеке сот орындаушылар бөлімі жұмыс істейді.

Өзара тәжірибе алмасып, бір-бірімен ынтымақтаса жұмыс жүргізген осы бөлімдердің еңбегін жоғары бағалағанымыз орынды. Бұл бастаманың дұрыс екеніне күн өткен сайын көзіміз жетіп келеді. Әсіресе, жеке сот орындаушыларға алғысын айтып, ризашылығын білдірген аналар санының көбеюі біздің бағытымыздың дұрыстығын дәлелдейді.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет. Ел алғысына бөлене беріңіздер!

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

АСЫЛ МҰРА

СОТ ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙДІ?

Қазақ тілі – қазақ халқының басты рухани байлығы. Тілден құдіретті, бағалы қасиет жоқ. Жарық дүниеге келген сәби бұл әлемді қай тілмен таныса, сол тіл ол адам үшін қымбат. Себебі сол тілмен ой-өрісі дамып, көкірегі ашылып, тіл арқылы көңілі небір жақсы сезімдерді кешеді. Сол тілмен алғашқы аяулы сөздері айтылады.

Бір ұлттың тілінде сол ұлттың шежіресі, тарихы, мәдениеті, мінезі жатыр. Тіл мамандарының «Қазақтың сары даласы – кең, тілі – бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, қазақ тілінен оралымды, терең тіл жоқ», – деп тұжырымдауы тегін емес.

Сот саласы да бүгін мемлекеттік тілді дамытуға атсалысып жүр. Қазақ тілінде қанша іс қа-

ралғандығы жөнінде статистикалық есептің бағаналарына көрсеткіш енгізіліп, рейтингісі жасалып отырады. Соңғы уақытта істердің басым көпшілігі қазақ тілінде түсіп отыр. Басқа мекемелермен хат алмасу да қазақ тілінде жүргізіледі.

Жәнібек аудандық сотының баспасөз қызметі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ИНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық – тәуелсіз Қазақстанның өзекті мәселесінің бірі. Бұл індет қоғамды әділетсіздікке ұрындырып қоймай, елдің экономикалық жүйесінің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, экономикамыздың дамып, жетілуіне кереғар әсерін тигізеді, халықаралық деңгейде елдің жағымсыз имиджін қалыптастырады.

СЫБАЙЛАСТЫҚ ЕЛГЕ СЫН



Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мұдделі.

Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына

өз үлесімді қосу және оған тосқауыл болу – біздің басты міндетіміз. Жемқорлықпен күрестегі бейқамдық пен әрекетсіздік халық наразылығын тудырушы маңызды фактор. Ең бастысы, сыбайлас жемқорлық – індет, оны жою – міндет екендігін әрбір азамат түсініп, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін кеселмен күресті өзінен бастауы қажет деп ойлаймын.

К.УТЕБАЕВА,
Түркістан облысы
мамандандырылған әкімшілік
сотының бас маманы

ПАРА АЛУ ДА, ПАРА БЕРУ ДЕ – ҚЫЛМЫС

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі басымдығының бірі сыбайлас жемқорлықпен күресу болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның аясында кеселге қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан кез келген ортада пара беру

мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса, төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөздер сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің әркез жадында. Шынында сот әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие болады.

Серікжан ЖАРОЛЛА,
Қаратөбе аудандық соты әкімшісінің басшысы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

✉ zanzreklama@mail.ru

ӘРТҮРЛІ

7. «Атбасар ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ, (БСН 130640003666) өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы келесі мемлекеттік мекемелерге (булан әрі – ММ) бөлу жолымен хабарлайды:
1. «Атбасар ауданының кәсіпкерлік бөлімі» ММ.
2. «Атбасар ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ.
Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Атбасар қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 9. Тел. 87164324588.

10. «Рудный жылу желілері» ЖШС Қостанай облысы, Рудный қаласы, 40 лет Октября көшесі, 2/2 құрылысы (БСН 221040021614) кредиторларға жарғылық капиталдың 47 570 446 (қырық жеті миллион бес жүз жетпіс мың төрт жүз қырық алты теңге) 14 тиын мөлшерінде азауы туралы хабарлайды. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 27-бабына сәйкес серіктестіктің кредиторлары хабарламаны алған немесе хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзімде серіктестіктен қосымша кепілдіктер немесе серіктестіктің тиісті міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуы немесе орындауы және шығындарды өтеу. Талаптар серіктестікке жазбаша түрде Қостанай облысы, Рудный қаласы, Қазанның 40 жылдығы көшесі 2/2 ғимараты және олардың көшірмелері серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға ұсынылуы мүмкін. Анықтама үшін телефон (71431) 2-47-64 адвокат, 2-47-05 қабылдау.

11. «Жәнібек Центр Кредит» Несие серіктестігі» ЖШС, БСН 080540007247, БҚО, Орал қаласы, Ихсанов көшесі, 38, н.п.1, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын лицензиядан ерікті түрде бас тарту туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде БҚО, Орал қаласы, Ихсанов көшесі, 38, тел. +77013827213, эл. адрес: kt_janibek@mail.ru мекенжайы бойынша қабылданады.

16. «Caspiy Builds» ЖШС (БСН 240540031958) жарғылық капиталы 4 698 813 (төрт миллион алты жүз тоқсан сегіз мың сегіз жүз он үш) теңгеге азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, 20-ықшам ауданы, 22-үй.

ЖОҒАЛТУ

13. ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жылға ауылдық округі, Жылға ауылы, көшесі О.Жарылқасынұлы, 1-үй, пошта индексі 160900. 1997 жыл 4 қараша «Жылға» өндірістік кооперативі (БСН 971140005522) ОҚО атауының Түркістан облысы болып өзгеруіне байланысты «Жылға» өндірістік кооперативі Мәрі, мөр табыны жарамсыз деп табылсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
E-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ТАРАТУ

2. «MEYRYMDY GYLAYIM» жеке қайырымдылық қоры (БСН 190440041523) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР БҚО, Ш. Жексенбаев көшесі, 76-үй, 9-пәтер.

5. «Лик Авто» ЖШС (БСН 111240007851) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 26/1 үй, 13-пәтер, тел. 87759537029.

6. «Алэна» ЖШС (БСН 190240020910) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223В үй, тел. 87085006102.

12. «Көмек-Қарағанда 2023» қоғамдық қоры (БСН 231040040424) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, Новоселов көшесі, 179-үй.

14. «Caspian Contractors Trust» (Каспиан Контракторс Траст) ЖШС-нің Шымкент қаласындағы филиалы (БСН 080841008291) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз Жібек көшесі, 23.

15. «Finik Resto Group» ЖШС (БСН 190540000381) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 148-үй, тел. 87017153845.

МҰРАГЕРЛІК

3. 2024 жылдың 30 шілдесінде қайтыс болған Орманов Қанат Серікұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 8 702 233 44 99.

4. 2024 жылдың 30 шілдесінде қайтыс болған Дутбаев Раман Талғатулының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.С. Жаулыбековке келу-

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішев көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реформа» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

леріңіз керек. Мекенжайы: Алматы қаласы, Таугүл-3 ауданы, Бутина көшесі, 9/11 үй. Тел. 8 701 355 25 22.

9. 2024 жылдың 6 желтоқсанында қайтыс болған азамат Утеке-нова Айгуль Камашовнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларыңіз сұраймыз. Мекенжайы: Атырау қаласы, Авангард-3 шағын ауданы, 75-үй, 5-кеңсе.

ҚАЙҒЫНЫ БӨЛІССЕК АЗАЯДЫ

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының атынан Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы Айдын Маратұлы Нұрбековке кіші ұлы Дархан Айдынұлының өмірден мезгілсіз өтуіне байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Бұл ауыр қасірет, ең алдымен, Айдын Маратұлы мен оның отбасының, сондай-ақ барлық жақындарының жүректерінде мәңгілікке ауыр қайғы болып қалады.

Дарханның өмірден ерте өтуі – тек оның отбасы үшін ғана емес, бүкіл ортасы үшін де ауыр қасірет. Дархан – жас болса да, өз ортасында үлгілі, тәртіпті, адамгершілік қасиеттері жоғары, үлкендерге құрметпен қарап, кішілерге қамқорлық танытып жүрген жасөспірім еді. Оның ақжарқын мінезі, ізгілігі мен адалдығы айналасындағы адамдардың жүрегінен ерекше орын алғаны сөзсіз.

Бұл ауыр қаза Айдын Маратұлы мен оның отбасы үшін ерекше сын сәт. Өмірдің осы қатал сынынан өту үшін ең бірінші отбасылық қолдау, бір-біріне деген мейірім мен сүйіспеншілік қажет. Бұл қиындықты жеңу өте қиын. Осы сәтте біз тек қуанышта ғана емес, қайғы мен қасіретте де әрдайым бірге болуға, көмегіміз бен қолдауымызды көрсетуге дайын екенімізді білдіреміз.

Дарханның көзі тірісінде көрсеткен ізгілігі оның жақындары мен құрдастарының жүрегіне мәңгілікке сақталады. Ол болашаққа үлкен үмітпен қараған, өз өмірін өнегелі жолмен қалыптастыруға тырысқан жас еді. Ол ең бастысы, адамгершілік, мейірімділік пен адалдықты биік ұстанған ұл болатын.

Айдын Маратұлы мен оның отбасына бұл ауыр кезеңде сабыр мен төзімділік қажет екенін түсінеміз. Марқұмның отбасына, туыстарына, жақындарына терең сабыр мен төзім тілейміз. Қиын сәтте әрбір адамның қолдауы мен көмегі, қайғы мен қасіреттен жеңіл өту үшін маңызды рөл атқарады. Бірлік пен өзара көмек көрсету арқылы ғана біз бұл қайғыны жеңілдетуге тырысамыз.

Барша жақындарына және оның отбасына Алла шыдамдылық, сабырлық беріп, осы ауыр сынақтан мойымай өтуге тілектеспіз.

Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы,
Судьялар одағының төрағасы

ПАЙЫМ

Қазақстанның әрбір азаматы мемлекеттік тілді білу арқылы еліміздегі ұлтаралық бірлікті, татулықты нығайта түседі. Кез келген ұлттың не ұлыстың өзін өзгелерден ерекшелеп тұратын басты белгісі де – тілі.

ӨЗ ТІЛІН БІЛМЕЙТІНІНЕ НАМЫСТАНБАЙТЫН ҰРПАҚТАН ҮМІТ АЗ

Мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы, бүгінгі таңдағы мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі. Сондықтан бізден, яғни, мемлекеттік қызметшілерден «ҚР Тілдер туралы» заңының орындалуын талап етеді. Мемлекеттік тілдің заңды мәртебесін көтеруге, мемлекеттік тілдің мәртебесін бұрынғыдан да арттыра түсуге, іс жүргізудегі қолданысын арттыруға Орал қаласының №2 соты жұмыс өзінің үлесін қосып отыр. Сотқа негізінен шағым-арыздар қай тілде келіп түссе, іс сол тілде қаралады. Сот төрағасының үкімдері, жұмыс жоспарлары, сот жұмысының жедел кеңес хаттамалары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Сот өндірісіндегі тіл мәселесі бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі. Сот қызметіндегі тіл саясатының жүргізілуі мен нәтижелі жетістіктерге жетуі сот қызметіне жүгінген тараптардың ортақ іс-қимылына байланысты. Негізінде, арыз қай тілде жазылса, құжаттар да сол тілде тіркелуі тиіс екендігін сотқа арызданушылардың көпшілігі де біле бермейді. Мысалға, көптеген азаматтар, сонымен бірге мемлекеттік органдар талап-арызды мемлекеттік тілде жазса, құжаттарын ресми тілде екеледі немесе керісінше. Сонымен қатар талап қоюшылар талап-арызды ресми тілде келтіргенімен істі сот талқылауына дайындаған кезде ол тілді білмейтіндігін, ал арызды сотқа заңгерлердің ресми тілде дайын-

дағаны анықталып жатады. Мұндай жағдайларда, сот ҚР АПК-нің 14-бабының талаптарын басшылыққа алып, сот ісін жүргізу тілін сот ұйғарымымен өзгертеді. Тіпті кейбір заңгерлер арасында қазақ тілінде арыз жазғанша ресми тілде жазған ыңғайлы, әрі тез деген пікір орын алған. Осы орайда мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызына тоқталсақ, қай ұлтта, қай елде болсын, туған тіл-қастерлі, құдіретті.

Тағы бір айта кетерлік жайт «Сот төрелігі» базасында істердің санаттарын таңдау кезінде қазақ тіліндегі нұсқасы толық жоқ, қазақ тіліндегі аудармаларында бірқатар қателіктер орын алуы. Мемлекеттік тілде қаралатын істер бойынша жолдама хаттарды жазу кезінде мемлекеттік органдар мен көптеген ұйымдардың атаулары қазақша жазылмағандықтан, төл тіліміздегі хаттардың мекенжайлары ресми тілде жазылып жатады. Туған тіл – өміріңнің айнасы, тірлігіңнің қолданысы ғана емес, сондай-ақ, ол ұлтыңның болашағы. Олай болса қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін көтеру, қолданысын күшейту әрбір қазақтың міндеті. Бүгінгі жас ұрпақтың өз тілін құрметтеуі – ол болашағымызға деген кепілдік деп түсінуге болады. Ал, өз тілін білмейтін, сүймейтін, білмейтініне намыстанбайтын ұрпақтан үміт аз.

А.КАДИСОВ,
Орал қаласы №2 сотының
судьясы

БІР МҮДДЕ

САПАЛЫ КОНТЕНТ – САУАТТЫ ЖҮЙЕ КЕПІЛІ

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Сол ана тілімізді елдің ұлттық құндылығы ретінде қарастырып жүрміз бе? Рас, егемендік алғаннан бері қазақ тілін дамыту бағытында көптеген жұмыстар атқарылды. Алайда, қазіргі таңда оның қолданыс ауқымы мен мәртебесіне қатысты мәселелер де жоқ емес.



Қазіргі уақытта қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болғанымен, оның қоғамдағы нақты қолданылу деңгейі әртүрлі салада әркелкі.

Мәселен, мемлекеттік басқару мен құжат айналымы саласында қазақ тілі ресми құжаттарда негізгі тіл ретінде бекітілген. Дегенмен, мемлекеттік мекемелерде әлі де орыс тілінің кеңінен қолданылаты-

ны байқалады. Кейбір аймақтарда қазақ тілінде құжат жүргізу сапасы төмен деңгейде қалып отыр.

Білім беру саласында қазақ тілінің қолданылу аясы кеңейіп келеді. Мектептер мен жоғары оқу орындарында қазақ тілінде оқыту көбейді. Бірақ қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу материалдарының сапасын арттыруға байла-

нысты мәселелер жетерлік. Қазақ тілі мәдениет пен ақпарат тарату саласында маңызды рөл атқарады. Теледидар, радио, интернет ресурстары қазақ тілінде ақпарат ұсынады. Алайда, контенттің сапасы мен қолжетімділігі бойынша әлі де жұмыстар қажет.

Қазақ тілін меңгерген халық саны артып келе жатқанымен, ірі қалаларда және кейбір өңірлерде күнделікті қарым-қатынаста орыс тілі басымдыққа ие. Әсіресе, бизнес, ғылым және технология салаларында қазақ тілін қолдану жеткіліксіз. Бірақ мемлекет тарапынан қазақ тілін дамыту үшін мынадай маңызды қадамдар жасалып жатыр: тілдік саясатты жетілдіру, цифрландыру және инновация.

– Қоғамдық қозғалыстар мен бастамалар тіл белсенділері мен еріктілердің қазақ тілін насихаттау бойынша жұмыс істеуі – маңызды фактор. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге арналған жобалар, курстар, шеберлік сыныптары қажет.

Бұнымен қатар мен елде тілдің қоғамдағы рөлін нығайту үшін келесі шаралар маңызды деп есептеймін:

- қазақ тілінде сапалы контент жасау;
- тіл үйренушілер үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- мемлекеттік және жеке секторда қазақ тілін қолдануды ынталандыру;
- қазақ тілін әлемдік деңгейге таныту.

Р.АККАСИНОВ,
Жалағаш аудандық
сотының бас маманы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

КИЕ

ҚАЖЕТТІЛІК БОЛСА, ҚАЗАҚШАМЫЗ ЖАҚСАРАДЫ

Тілі мен ділін ұмытқан ұлттың болашағы бұлыңғыр екені анық. Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы – ана тілі. Қазақстан Республикасының негізгі тілі мемлекеттік тілді, яғни, қазақ тілін құрметтеу, оны білу – біздің әрқайсысымыздың асыл парызымыз. Ана тіліне салғырт қарау – өз халқының өткеніне, бүгінгіне, болашағына немқұрайлы қарау деген сөз.



Қазіргі таңда соттарда қазақ тілінде қаралатын істердің сапасы артып, құжаттар мемлекеттік тілде сауатты дайындалады. Барлық шығыс және ішкі құжаттар қазақ тілінде жүргізіледі. Ендігі міндет сот процестерін мемлекеттік тілге біртіндеп көшіру болып отыр. Бұл тұрғыда сотқа жүгіншілер тарапынан белсенділік қажет, яғни, олардың талап-арыздарын мемлекеттік тілде жазуы маңызды.

Сот тәжірибесі байқатқандай, азаматтарға құқықтық тұрғыда көмек беретін адвокаттар мен заңгерлер талап арыздарды көбінесе орыс тілінде дайындайды. Мұның өзі мемлекеттік тілдің дамуына кедергісін тигізеді. Қай салада болмасын тіл мәртебесінің артып, тынысының ашылуына жалпы қоғам өкілдері жанашырлық танытса, діндеген мақсатымызға жетеріміз анық.

Қазақ тіліне қажеттілікті арттыру елдің іс, сондықтан, оның қолдану аясын кеңейту жауапкершілік пен жүйелі жұмыстарды талап етеді. Қазақ тілін мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болу үшін оны күнделікті тірлігімізбен етене байланыстыруымыз міндет. Яғни, отбасынан бастап, жүрген ортамызда қазақша сөйлесуіміз керек. Сонда ғана қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейеді.

З. ЮНУСОВА,
Мұғалжар аудандық сотының
бас маманы-сот отырысының хатшысы

МЕРЕЙ

ТҰҒЫРЛЫ ТІРЕК

Мемлекеттік тіл – еліміздің азаматтарын топтастырудың мықты іргетасы. Әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрметтеуге, оны үйреніп, білуге бейім болғаны абзал.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бүгінгі күні маңызды мәселе. Өзгелерге мемлекет ретінде танылғымыз келсе, біз ең алдымен қасиетті ана тілімізді сақтауымыз қажет. Өйткені, тілі жоғалған күні ұлттың

өзі де жоғалатыны анық. Ұлт пен тіл жанашыры А.Байтұрсынұлы тілді елге былай аманаттапты:

Сақтар болсаң халқыңды –тілді сақта,
Баға жетпес мұра жоқ тілден басқа!
Тілден басқа жиһаздың бәрін түгел,
Базарлайсың қалтаңда ақша болса.

А.ҚОХАНОВА,
Ақтөбе облысы қылмыстық жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының
кеңсе бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы

БАҒДАР

БОЛАШАҚ ҮШІН ЖАУАПТЫМЫЗ!

Мемлекеттік тіл – елдің жүрегі, рухы және болашағы. Мемлекеттік тіл – бұл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, бұл ұлттың рухани қазынасы, оның болмысы мен тарихының айнасы. Қазақ тілі – біздің егемендігіміздің символы, елдігіміздің тірегі, өткеніміз бен болашағымызды жалғайтын алтын көпір.

Бүгінгі таңда қазақ тілі – Қазақстанның мемлекеттік тілі. Бұл мәртебе бізге оңай келген жоқ. Тарихымызға көз жүгіртсек, қазақтың қара домбырасынан төгілген күмбірлеген күй мен қара өлеңмен өрілген тілі ғасырлар бойы ұлттың айыбын арттырып, оның бірлігін бекемдеген. Сол тіл үшін ұлыларымыз күресіп, ардақтыларымыз өмірлерін құрбан етті.

Тіл – елдің жаны, рухы және ертеңі. Әр ұлттың тілі – оның жүрегі. Жүрек тоқтаса, өмір де тоқтайды. Тіл тағдыры – ұлт тағдыры.Тілге немқұрайлы қарау – болашағымызға немқұрайлы қараумен тең.

Әр қазақ өз ана тілін білуі, оны сүйіп, мақтан тұтуы қажет. Егер біз қазақ тілін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізгіміз келсе, оны үйретуді ерте бастан қолға алып, күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналдыруымыз керек. Бұл – ата-баба аманаты, болашақ алдындағы жауапкершілік.

Болашақтың бағдары – мемлекеттік тілде. Бүгінде қазақ тілі ғылымның, технологияның, мәдениеттің және экономиканың тіліне айналуда. Бұл тек қазақтардың емес, Қазақстанды мекендеген барлық ұлт өкілдерінің ортақ міндеті. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту

арқылы біз ел бірлігін нығайтып, тәуелсіздігіміздің тұғырын биіктете аламыз. Қазақта бір керемет сөз бар: «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» – деген. Біздің тілдің күші – оның рухында. Қазақ тіліне деген құрметіміз артқан сайын, еліміздің бірлігі нығайып, болашағы жарқын бола түседі.

Біз ана тілімізді ұлықтап, оның мерейін асыру арқылы тек тілді ғана емес, бүкіл ұлтты сақтап қаламыз. Мемлекеттік тіл – бұл тек біздің емес, болашақ ұрпақтың да аманаты. Ендеше, мемлекеттік тілімізді сүйейік, құрметтейік және болашағымыз үшін жауапкершілікпен қарайық!

Тіліңе құрмет – еліңе құрмет. Тілді жоғалтсаң, түп-тамырыңнан айырыласың.

А. НҰРАЛЫ,
Түркістан облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының бас маманы-сот
отырысының хатшысы